



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік вице-президенті

Ш.Есімова

2020ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-080-2020

ЕУРОПАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМ ҚОСЫМШАСЫН (DIPLOMA SUPPLEMENT) БЕРУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент
директоры Т.Ниязов
Академиялық мәселелер жөніндегі департамент
директоры орынбасары Булент.Шен
– Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының басшысы
Д. Джаякбаева
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ө.Үмбетов
– Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі
білім беру ісі жөніндегі вице-президенті Ш.Есімова
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа
орталығының басшысы Ж.Дарибаев
– Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы
Ғ.Мұсаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ –2020 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2022 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2020

К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы	ТЕКСЕРІЛДІ: "11" 02 2022 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "11" 02 2024 ж.	К.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Сапа менеджментінің жүйесі БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ № 11 "11" 11 2020 ж.
---------------------------------------------------------	--------------------------------	------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-080-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 2-ші беті

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2020

МАЗМҰНЫ

Мазмұны	2
1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5. Жалпы ережелер	4
6. Өзгерістерді енгізу тәртібі	8
7. Келісу, сақтау және тарату	8
8. Қосымшалар	10
8.1 Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасының үлгісі	10
8.2 Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын рәсімдеу үшін өтініш үлгісі	14
8.3 Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын рәсімдеу үшін сауалнама үлгісі	15
8.4 Танысу парағы	16
8.5 Өзгерістерді тіркеу парағы	17

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-080-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын (Diploma Supplement (DS)) беру үлгісінің шарттарын белгілейді.

1.2 Бұл ереже Ахмет Ясауи университеті Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру үлгісінің анықтау тәртібі талаптарын жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеттің мемлекеттік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-080-2020 Университет ережесі Ахмет Ясауи университеті сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР Білім туралы заңы;
- ҚР Ғылым туралы заңы;
- ҚР «Еңбек Кодексі»;
- Университет Жарғысы;
- 2019-2023 ж.ж. Стратегиялық жоспар;
- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Ақпараттарды басқару;

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

ҚР – Қазақстан Республикасы;

Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ – университет ережесі;

Қосымша – Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасы;

DS – Diploma Supplement;

СМЖ – сапа менеджментінің жүйесі;

СРСО – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру үлгісі.

4 ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және қарастырылады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің президенті - Сенат төрағасы тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры жауапты болып табылады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-080-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 4-ші беті

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының сапалы орындалуына Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры жауапты болып табылады.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Халықаралық ашықтықты қамтамасыз ету жолында, объективті академиялық және біліктілік кәсібилігін (диплом, дәреже, сертификат және т.б.) мойындату үшін, сондай-ақ, академиялық ұтқырлықты және білім беру бағдарламаларының салыстырымдылығын дамыту мақсатында Еуропалық комиссия, Еуропа кеңесі және ЮНЕСКО білім беру құжатына қосымша берілетін бірыңғай стандарттық құжат әзірледі. Бұл құжат Diploma Supplement (DS) – Еуропалық үлгідегі дипломға қосымша атауын алды.

Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын (Қосымша) беру Болон үдерісінің негізгі параметрлерінің бірі болып табылады. Болон үдерісіне қатысушы мемлекеттердің көптеген университеттері өз бітірушілеріне осы құжатты береді. Қосымшаны оқуды жалғастырған жағдайда шетел ЖББҰ және жұмысқа тұрған жағдайда шетел компаниялары мойындайды.

Қазақстанда Ахмет Ясауи университетінде және басқа Ұлттық университеттер Қосымшаны береді.

Форматты бұрмалау және плагиаттан қорғану мақсатында Қосымша бланкісі ҚР Банкнот Фабрикасымен әзірленеді.

Еуропалық үлгідегі дипломға қосымшасы **ағылшын тілінде дайындалады және 8 міндетті бөлімнен тұрады (Қосымша-1):**

5.1 **Мамандық иегерінің жеке басы туралы мәлімет / Information identifying the holder of the qualification:**

- Толық тегі / Family name(s);
- Толық аты / Given name(s);
- Туған мерзімі (күні/айы/жылы) / Place and Date of birth;
- Идентификациялық номері немесе білім алушының коды (ҚР «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» заңына сәйкес идентификациялық номер жеке номер болу мүмкіншілігі бар) / Student identification number or code (бұл бап диплом иегерін көрсетілген Білім беру бағдарламаларын аяқтаған білім алушы ретінде айқындау үшін қажет);

5.2 **Мамандық туралы мәлімет / Information identifying the qualification:**

- Мамандықтың аталуы, берілген атақ (негізгі құжат тілінде) / Name of the qualification Title conferred

Бұл бапта құжат иесінің ұлттық деңгейде атақ-дәреже алуына құқық берілді ме, жоқ па, бұл атақ-дәреже заңмен қорғалған ба жоқ па деген мәліметтер беріледі;

- Мамандық үшін білім берудің негізгі саласы / Main field(s) of study for the qualification

Бұл жерде мамандықтың ауқымын қамтамасыз ететін негізгі пәндер көрсетіледі;

- Мамандық берген Оқу орынының аты, мәртебесі (негізгі құжат тілінде) / Name and status of awarding institution

Жалпыұлттық білім беру классификациясына сәйкес диплом берген ЖББҰ мәртебесі көрсетіледі, аккредиттеуден өткізген мекеме(лер) бар болса ол(ар) жайлы мәліметтер беріледі;

- Оқытуды жүзеге асырған Оқу орынының аты мәртебесі (негізгі құжат тілінде) / Name and status of institution administering studies

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті білім беру мекемесі

- Оқыту/емтихандар тілдері / Language(s) of instruction/examination

Негізгі тілде (қазақ, түрік), қосымша тілде (ағылшын, орыс) оқытылған пәндер тізбесі келтіріледі.

5.3 **Мамандық деңгейі туралы мәлімет / Information on the level of the qualification**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 5-ші беті

- Мамандық деңгейі /Level of qualification:

Мамандықтың деңгейі және оның ұлттық білім беру жүйесі құжаттамасында алатын нақты орыны көрсетіледі. Бұл баптағы мәлімет сегізінші бөлімдегі мәліметтермен сәйкесуі және түсіндірілуі міндетті. Жергілікті білім беру құрылымы жайлы түсінік беріледі;

- Бағдарламаны меңгерудің ресми мерзімі / Official length of programme

Білім беру бағдарламасының ресми ұзақтығы (апталар немесе жылдар) және ECTS кредиттері мөлшерінде көрсетілген іс жүзіндегі еңбек сыйымдылығы көрсетіледі. Бұл жерде маңызды элементтер, бөліктер, модульдер, әсіресе практикалық дайындықтар жайлы мәліметтер қоса көрсетіледі.

- Қабылданудың алғышарттары /Access requirements

Осы білім беру бағдарламасына кіре алу үшін міндетті алғышарт болатын мамандық жайлы, оның ұзақтығы және кезеңдері жайлы мәліметтер беріледі. Бұл, әсіресе, берілген мамандық үшін мектептен соң тағы да аралық білім алу міндетті болған жағдайлар үшін маңызды. Мысалы, магистр бағдарламасы үшін орта мектепті бітірген соң бакалавр дәрежесі алынуы қажет.

5.4 Білім беру мазмұны және алынған нәтижелер туралы мәлімет /Information on the contents and results gained:

- Оқу түрі / Mode of study

Оқыту түрі, білім беру бағдарламасы қалай меңгерілгені жайлы мәліметтер. (Күндізгі, сырттай, қашықтан оқу, іс-тәжірибелер қалай қай жерде өтілді т.б.);

- Бағдарламаның талаптары / Programme requirements

Мамандық алу үшін қажетті ең аз стандарттардың орындалуына қойылатын талаптар, міндетті компоненттердің, міндетті сабақ түрлерінің болуы, бітіру жұмысының болуы, оларды реттейтін ережелердің болуы. Кредиттердің модульдерге, пәндерге бөлінуін реттейтін ақпараттар жайлы мәліметтер беріледі;

- Бағдарлама жайлы толық мәліметтер (оқылатын модульдер немесе пәндер) және алынған дербес нәтижелер (ұпайлар/бағалар/кредиттік бірліктер) / Programme details (e.g. modules or units studied) and individual grades (marks/credits) obtained

Әр модуль, оның құрамы, егжей-тегжейлі сипатталады. Әр модуль үшін алынған ұпайлар және/немесе бағалар жазылады. Мәліметтер мейлінше толық болуы шарт. Барлық емтихандар, тесттер, басқа да бағалау шаралары сипатталады. Курстық жұмыстар/жобалар, бітіру жұмыстары жайлы толық мәліметтер, оларды қорғау шарттары жазылады;

- Бағалау кестесі және бағаларды қою ережесі (бар болса) / Grading scheme and, if available grade distribution guidance

Берілген мамандық бойынша білім алушыларды аттестаттау барысында қолданылатын бағалау жүйесі және өтпелі ұпайлар жайлы толық мәліметтер беріледі;

- Алынған жалпы классификация (негізгі құжат тілінде) / Overall classification of the award

Мүмкіндікке қарай берілетін біліктіліктің жіктелуі көрсетіледі, мысалы үздік диплом (*Summa Cum Laude, Merit, Avec Distinction*) т.б.

5.5 Мамандықтың атқаратын қызметтері жайлы ақпарат /Information on the function of the qualification:

- Ары қарай білім алу мүмкіндігі / Access to further study

Диплом беруші елде мамандықтан кейінгі академиялық және/немесе кәсіптік білімге қол жеткізе алу мүмкіндіктері көрсетіледі. Берілген мамандықтың елдің ағарту жүйесіндегі білім беру деңгейлері иерархиясында алатын орыны көрсетіледі;

- Кәсіптік мәртебесі (бар болса) / Professional status conferred

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 6-ші беті

Диплом иесіне кәсіптік мәртебеге (мамандық, біліктілік) сәйкес берілетін құқықтар жазылады.

5.6 Қосымша ақпараттар / For more information

5.6.1. Алынған біліктілікке сәйкес қосымша мәліметтер көрсетіледі

Біліктілік алған соң бітірушілер қайда және кім болып жұмыс істей алатындығы көрсетіледі.

5.6.2. Қосымша ақпарат көздері

Жоғарғы оқу орнының галамтор жүйесіндегі сайты көрсетіледі.

5.7 Қосымшаны айғақтау (растау) / Certification of the supplement:

- Мерзімі / Date

Қосымшаның берілген мерзімі. Негізгі Дипломның берілу мерзімімен сәйкес келмеуі мүмкін;

- Қолы / Signature

Қосымшадағы деректерді растаушы тұлғаның аты-жөні, қолы;

- Қызметі / Capacity

Құжатты жеке куәландыратын тұлғаның ресми қызметі;

- Мөрдiң орыны / Official stamp or seal

Қосымшаның шынайылығын растайтын ЖББҰ-ның ресми мөрі (немесе штампы).

5.8 Жоғары білімнің ұлттық жүйесі жайлы мәліметтер / Information on the national higher education system(s):

5.8.1 Білім беру жүйесінің мамандыққа қатысты мән-мәтіні жазылады:

- ЖББҰ түсу үшін жалпы қабылдану талаптары;
- оқу орындарының түрлері;
- біліктілік деңгейлері топтамасы.

5.8.2 Ұлттық білім беру жүйесінің сипаттамасы мәтіні екі беттен аспауы тиіс және кесте, схема түріндегі ақпараттарды қолданған дұрыс.

5.8.3 Қазақстанда кәсіптік дайындау Болон декларациясы принциптеріне сәйкес, мамандар дайындаудың үшдеңгейлі моделінен тұрады: бакалавр – магистр – PhD докторы. Жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеріп, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға біліктілік және/немесе бакалавр академиялық дәрежесі беріледі.

5.8.4 Жоғары білім алу үшін азаматтардың орта, техникалық және кәсіптік, немесе орта білімнен кейінгі білімі болуы керек. Жоғары кәсіптік білім оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындарының негізгі түрлеріне ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары оқу орыны, зерттеу университеті, университет, академия, институт және соларға теңестірілген (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) оқу орындары жатады.

5.8.5 Жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беру пәндері циклынан, базалық пәндер циклынан, профилдік пәндер циклынан құралады және мамандық бойынша кәсіптік іс-тәжірибеден өтуді қарастырады.

5.8.6 Жоғары кәсіптік білім оқу бағдарламаларында міндетті компоненттер және таңдау компоненттері пәндері бар. Әр циклдың таңдау компоненті пәндері мазмұндары бойынша міндетті компонент пәндерін толықтырып отыруы қажет.

5.8.7 Жоғары оқу орынындағы білім беру үдерісі кредиттік технология негізінде жүзеге асырылады, яғни оқылатын пәндер топтамасы білім алушының таңдауы және өз бетінше жоспарлауы негізінде жасақталады. Сондай-ақ кредит білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшеудің жалпылама бірлігі болып табылады.

5.8.8 Жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімі жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде анықталады және 4 жылдан кем емес уақытты құрайды. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 7-ші беті

азаматтар үшін жоғары оқу орындары оқу мерзімдері қысқартылған (жеделдетілген) кәсіптік оқу бағдарламаларын дайындап, жүзеге асырады.

5.8.9 Еуропалық үлгідегі қосымша (Diploma Supplement) тегін негізде беріледі.

Қосымша жоғары оқу орынының деңгейі мен дәрежесіне, сонымен қатар ұлттық жоғары білім жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде танылуына кепілдеме бола алмайды.

Қосымша негізгі дипломда көрсетілген мамандықтың (біліктіліктің) түрі, деңгейі, дәрежесі, қосымшаны беруші жоғары оқу орынының аты және мәртебесі сипатталады.

Қосымша білім туралы негізгі құжатқа – мемлекеттік үлгідегі дипломға қосымша болуы себепті тек қана дипломмен бірге қаралады, дипломды алмастыра алмайды, диплом жоқ жерде Қосымшаның заңдық күші болмайды. Бітірушіге берілген біліктіліктің (дәреженің) басқа елдердегі біліктілікке (дәрежеге) баламалығы жайлы мәліметтер беретін құжат болып табылмайды, сонымен қатар бітірушінің дипломының шет елдерде танылуына негіз бола алмайды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын (Diploma Supplement) университетті Халықаралық аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламалары бойынша бітірушілерге беріледі.

Қосымшаны алу үшін бітіруші Білім алушыларға қызмет көрсету орталығына үдерісі бөліміне үлгіні алуға 3 апта бұрын келесі құжаттарды тапсыру керек:

- 1). Көрсетілген үлгі бойынша университет президентінің атына өтініш (Қосымша – 2);
- 2). Толтырылған сауалнама (Қосымша – 3):

- *Сауалнамада мына мәліметтер көрсетіледі:*
- *бітірушінің жеке мәліметтері;*
- *факультеті;*
- *бітіртуші кафедрасы;*
- *мамандығы және мамандандыруы;*
- *кәсіптік бітіру жұмысының тақырыбы;*
- *Қосымшаға жазылатын қосымша мәліметтер (мысалы, алынған кәсіптік тәжірибе, машықтануға қатысу, халықаралық жобаларға қатысу, халықаралық конференцияларға қатысу т.б.).*

Сауалнамадағы мәліметтерді растайтын төмендегі құжаттар топтамасы да қоса беріледі:

- Жеке куәлігі көшірмесі;
- Диплом көшірмесі;
- Диплом қосымшасының көшірмесі.

Бітіруші өз қалауы бойынша мына құжаттарды да қоса бере алады:

- өтініш берушінің басқа ЖББҰ-да оқу кезінде алған барлық транскрипттерінің көшірмелері;
- кәсіптік салада жұмыс тәжірибесінің барлығын растайтын құжаттардың көшірмелері;
- қосымша білім беру курстарында (факультеттерде) оқып, қосымша мамандық (біліктілік) алғаны жайлы дипломдар мен сертификаттардың көшірмелері;
- білім алушының республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларда жеткен жетістіктері үшін марапаттау құжаттарының көшірмелері.

Қосымша Еуропалық үлгідегі дипломға қосымшаны тіркеу журналында тіркелген соң беріледі. Қосымша алуға берілген өтініш негізгі дипломның берілу мерзімінен бір ай бұрын

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-080-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 8-ші беті

рәсімделген жағдайда, Қосымша дипломмен бірге берілуі мүмкін. Қосымша алуға берілген өтініш басқа мерзімдерде рәсімделген жағдайда қосымшаның берілу мерзімі және шарты бітіруші мен жауапты тұлғаның екеуіне ыңғайлы мерзімге белгіленеді.

Жоғарыдағы шарттар орындалып, құжаттар рәсімделген соң жауапты тұлғалар тарапынан Қосымша толтырылып, рәсімделеді. Қосымшаны рәсімдеу және беру факультет деканаттары тараптарынан орындалады.

Қосымшаның мазмұны мен берілуіне жауапты - Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің құрылымдық бөлімі болып табылады. Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент университеттің электрондық базасынан алынатын транскрипттер негізінде Қосымша толтыратын жауапты тұлғаларды тағайындайды.

Қосымша ағылшын тілінде толтырылады. Толтырылған Қосымша аударылу мерзімі мен сапасына университеттің Аударма орталығы жауапты болып табылады. Оқылған пәндер жайлы мәліметтердің ішінде олардың толық тізбесі, семестрлер бойынша бөлінуі, ECTS кредиттері бойынша жұмсалған еңбек көлемдері және аттестаттау нәтижелері көрсетіледі.

Қосымша университет президенттің қолымен расталып, университеттің ресми мөрімен куәландырылады.

Қосымшаны бітірушіге тапсыруды факультет деканаттары тараптарынан жүзеге асырылады.

Қосымша тапсырылу барысында арнайы журналға берілген құжаттың тіркеу номері жазылып, бітіруші арнайы графаға алғаны туралы қол қояды.

Берілген Қосымша көшірмелері негізгі диплом көшірмелерімен бірге университет мұрағатында сақталады.

6 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.2.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

6.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша 5).

7 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

7.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және коданушыларға жіберу жауапкершілігі академиялық мәселер жөніндегі департамент, медициналық білім беру департаменті директорларына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі тұлғаларға бойынша жіберіледі: Вице-президенттер, академиялық мәселер жөніндегі департамент, медициналық білім беру департамент директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 9-ші беті

7.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын СРСО-ға сақтау жауапкершілігі СРСО басшысына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі
вице-президент



Ө.Үмбетов

Академиялық инновация және жоғары білімнен
кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президенті



Ш.Есімова

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа
орталығының басшысы



Ж.Дарibaев

Құқықтық қамтамасыз ету
басқармасының басшысы



Ғ.Мұсаханов

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-080-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 10-ші беті

8 ҚОСЫМШАЛАР

ҚОСЫМША 1

Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасының мәтіндік және кесте түріндегі ҮЛГІСІ

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасы /Diploma Supplement/ № _____

Бұл Қосымша Еуропалық комиссия, Еуропа кеңесі және ЮНЕСКО білім беру құжатына қосымша берілетін бірыңғай стандарттық құжатына сәйкес әзірленді. Халықаралық ашықтықты қамтамасыз ету жолында, объективті академиялық және біліктілік кәсібилігін (диплом, дәреже, сертификат және т.б.) мойындату үшін, сондай-ақ, академиялық ұтқырлықты және білім беру бағдарламаларының салыстырымдылығын дамыту Қосымшаның негізгі мақсаты болып табылады.

1. Мамандық негерінің жеке басы туралы мәлімет

Толық тегі:

Толық аты:

Туған мерзімі (күні/айы/жылы):

Идентификациялық номері немесе білім алушының коды:

2. Мамандық туралы мәлімет

Мамандықтың аталуы, берілген атақ:

Мамандық үшін білім берудің негізгі саласы:

Мамандық берген ЖОО аты, мәртебесі (негізгі құжат тілінде):

Оқытуды жүзеге асырған ЖОО аты, мәртебесі (негізгі құжат тілінде):

Оқыту/емтихандар тілдері:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 11-ші беті

3. Мамандық деңгейі туралы мәлімет

Мамандық деңгейі:

Бағдарламаны меңгерудің ресми мерзімі:

Қабылданудың алғышарттары:

4. Білім беру мазмұны және алынған нәтижелер туралы мәлімет

4.1. Оқу түрі:

4.2. Бағдарламаның талаптары:

4.3. Бағдарлама жайлы толық мәліметтер:

Код	Оқытылған пәндер (оқытылған модульдер немесе пәндер) және алынған дербес нәтижелер (ұпайлар/бағалар/кредиттік бірліктер)	Оқу түрі (М, Т, Қ)	Қорытынды баға		Кредит саны	
			1	2	ҚР	ECTS
202_ / 202_ оқу жылы						
1-ші семестр						
1-ші семестр бойынша қорытынды						xxx
2-ші семестр						
2-ші семестр бойынша қорытынды						xxx
201_ / 201_ оқу жылы						
3-ші семестр						
3-ші семестр бойынша қорытынды						xxx
4-ші семестр						

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 12-ші беті

4-ші семестр бойынша қорытынды							XXX
201_ / 201_ оқу жылы							
5-ші семестр							
4-ші семестр бойынша қорытынды							XXX
5-ші семестр							
5-ші семестр бойынша қорытынды							XXX
6-шы семестр							
6-шы семестр бойынша қорытынды							XXX
201_ / 201_ оқу жылы							
7-ші семестр							
7-ші семестр бойынша қорытынды							XXX
8-ші семестр							
7-ші семестр бойынша қорытынды							XXX
Оқу бағдарламасы бойынша жалпы қорытынды							XXX

Ескерту: М – Міндетті пән, Т – Таңдау бойынша пәндер, Қ – қосымша пән.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 13-ші беті

Қорытынды баға 1 – бірінші тапсыру кезіндегі пән бағасы, 2 – екінші тапсыру кезіндегі пән бағасы.

4.4. Бағалау кестесі және бағаларды қою ережесі:

ҚР бойынша баға				ECTS бойынша баға	
Әріп жүйесі бойынша баға	Сандық эквивалент бойынша баға	Пайыздық мазмұны %	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Әріп жүйесі бойынша баға	Definition
A			Өте жақсы	A	Excellent
A-					
B+			Жақсы	B	Very good
B			Жақсы	C	Good
B-					
C+			Қанағаттанарлық	C	Satisfactory
C			Қанағаттанарлық	D	
C-					
D+					
D			Қанағаттанарлық	E	Sufficient
F			Қанағаттанарлықсыз	FX, F	Fail

4.5. Алынған жалпы классификация (негізгі құжат тілінде):

5. Мамандықтың атқаратын қызметтері жайлы ақпарат

5.1. Әрі қарай білім алу мүмкіндігі:

5.2. Кәсіптік мәртебесі:

6. Қосымша ақпараттар

6.1. Алынған біліктілікке сәйкес қосымша мәліметтер көрсетіледі:

6.2. Қосымша ақпарат көздері:

7. Қосымшаны сертификаттау

Мерзімі _____

Қызметі _____

Қолы _____

Мөр орыны _____

8. Жоғары білімнің ұлттық жүйесі жайлы мәліметтер

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 14-ші беті

ҚОСЫМША 2

Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын (Diploma Supplement) рәсімдеу үшін өтініш ҮЛГІСІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
президенті Б.Абдрасиловқа

_____ факультетінің
_____ мамандығының

(күндізгі /сыртқы оқу түрі бойынша бітіруші)

_____ (толық аты жөні)

Өтініш

Маған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітіруші бакалавр/магистр/PhD Дипломына Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын (Diploma Supplement) беруге рұқсат етуіңізді сұранамын.

Келесі құжаттарды қоса тіркеймін:

Жеке куәлік көшірмесі.

Дипломның көшірмесі.

Диплом қосымшасының көшірмесі.

Мерзімі _____

Қолы _____

Жеке мәліметтер:

Мекен жайы _____

Телефон : _____

E-mail:: _____

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-080-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын беру ережесі		17 беттің 15-ші беті

ҚОСЫМША 3

Еуропалық үлгідегі диплом қосымшасын (Diploma Supplement) рәсімдеу үшін сауалнама ҮЛГІСІ

Сауалнама

1. Тегі, толық аты-жөні _____
2. Бітірген жылы, факультеті, бітіртуші кафедрасы, мамандығы (мамандандыруы), кәсіптік бітіру (*диплом*) жұмысының тақырыбы.

3. Қосымшаны алу мақсаты (жұмысқа орналасу, оқуды жалғастыру, басқа себеп, қай ел, қала, мекеме, оқу орыны) _____
4. Академиялық ұтқырлық бойынша, немесе өз бетіңізше басқа ЖББҰ оқыған болсаңыз оқыған елді, қаланы, оқу орынын, оқу мерзімін көрсетіңіз. Оқыған модульдер мен пәндерді, әр қайсысы үшін сағаттар мен ECTS кредиттері сандарын, алған бағаңызды жазыңыз (*алынған құжат және қазақ тілдерінде*). Алынған құжаттардың көшірмелерін тіркеңіз.

5. Білім алу барысында студенттік ғылыми конференциялар мен олимпиадаларға қатысқан болсаңыз қашан, қай жерде болғанын және тақырыбын көрсетіңіз. Алған құжаттарыңыздың көшірмелерін тіркеңіз. (*Құжаттар жоғалған жағдайда аталған оқу орынынан немесе деканаттан растау құжатын тіркеңіз*).

6. Білім алу барысында оқу жоспарынан тыс іс-тәжірибеден өтсеңіз, қосымша модульдер мен пәндерді (*тілдерді*) оқып меңгерсеңіз, аудиториядан тыс мезгілде болашақ мамандық бағытында жұмыстар атқарсаңыз елді, қаланы, оқу орынын, мекемені және уақытын көрсетіңіз.

Мерзімі _____

Қолы _____

